

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.3-5

## **АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ТАЛҒАР АУДАНЫНДА ЖЕМІС ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ БАКТЕРИАЛДЫ КҮЙІГІ АУРУЫНЫҢ ТАРАЛУЫ**

Дәулет Н.Д.,  
Ш.Ш.Бекенова

*Кіріспе.* Жеміс дақылдарының бактериялы күйігі *Erwinia amylovora* (Burrill) Winslow et al., аурудың шыққан жері болып Солтүстік Америка болып саналады, сол жақтан бүкіл әлемге таралған. Қазіргі уақытта 40 тан астам елге қиындық тудыруда, әлемде таралуы әлі жалғасуда. Жеміс дақылдарының күйік ауруы алғаш рет Солтүстік Америкада анықталған. Алғашқы ару жағдайлары XVIII ғасырдың аяғында Нью-Йорк штатында байқалған болатын. Сондай – ақ ауру 1950 жылдардың ортасында, Канада, Чили, Мексика және Еуропаға таралды [1,2].

Республикамыздың аумағында бактериялы күйіктің ауруының таралуы үлкен қауіп тудырады. Ол егістіктегі ағаштар мен жемістерге ғана емес питомниктерге де үлкен зиян келтіреді. Себебі, питомниктерде өсірілетін сәндік декоративті өсімдіктер бұл инфекцияның резерваторы болып табылады. Көптеген елдерде осы аурудың белең алу себебінен жеміс-жидек егістігінің аудана қысқарып, көп шығындарға әкелген.

Қазақстанда бактериялы күйік ауруы алғаш рет 2008 жылы байқалды және екі жылдан кейін ауру кеңінен тарала бастады. Бірақ заманауи жабдықтардың жоқтығынан аурудың қоздырғышын анықтау мүмкін болмады. Соңғы жылдары Өсімдік қорғау және карантин институты ауру белгілері бар деген аймақтарды, соның ішінде Еңбекшіқазақ, Талғар аудандары мен Алматы облысы, Жамбыл облысы т.б жеміс-көкөніс шаруа қожалықтарында зерттеу жүргізуді бастаған. Кейбір зерттеулер нәтижесінде аурудың Қазақстанға енуі 2003 жылда елге жеткізілген жеміс-жидек дақылдарының отырғызу материалдарынан екені анықталған [3].

Алматы облысының 2019-2020 жылдары залалданған жер көлемі 193,31 мың га. Соның ішінде ең қатты залалданған жер көлемі Панфилов ауданы мен Талғар ауданына қарасты ауылдық округтер. 2020 жылғы маусым айының тексеру нәтижесі бойынша Талғар ауданы, Бесқайнар ауылдық округі жеке шаруа қожалықтары 25,8 га алма бағы залалданған.



Сурет 1. Алма ағашының аурумен залалдануы

### *Зерттеу нәтижесі*

Алматы облысында түрлік құрамын анықтау жөніндегі мониторингтік іс-шаралар 30-шы сәуірден бастап 12-ші қыркүйекке дейін жүргізілді, онда тексерілетін алқап 5500 гектарды құрады, облыс бойынша аурудың пайда болуы 9 ауданда және екі қалада белгіленді, зақымдалған алқап 121,582 гектарды құрады, оның 17,462 гектары жаңа ошақ.

Ауру бұтақтарда, гүлдерде, жапырақтарда, жемістерде көрінісін тапты. Зақымдалған жапырақтар, жемістер, гүлдер, бұтақтар қарақоңыр түсті болды, таралуы шетінен бастап ортасына дейін белгіленді. Ауру кезінде зақымдалған жапырақтар мен жемістер түсіп қалмайды.

2020 жылы химиялық өңдеулердің көлемі 782,639 гектар алқапта жоспарланған. Зақымдалған алқаптардың ұлғаю мүмкіндігі бар. Өйткені биылғы жылғы ауа райының жағдайы аурудың қоздырғышының дамуы үшін жеткілікті қолайлы болған жоқ. Оған қоса отырғызылатын материалдарды әкелуге және әкетуге қажетті бақылау болуы тиіс[4].

Зерттеу аймағы ретінде Талғар ауданына қарасты ауылдық округтер таңдалды. Талғар ауданы табиғи-климаттық аймақтарда орналасқан. Барлық ландшафттар, табиғи аймақтар, құрғақ және ыстық климаттар, шөлді-далалық аймақтан альпілік шалғындарға және мәңгілік қары бар биік таулы климатқа дейінгі климаттар кездеседі. Далалық тәжірибе жұмыстары қарақоңыр және қара топырақтарда жүргізілді.

Өсімдіктердің дамуына топырақтың (рН) реакциясы өте үлкен әсерін тигізеді. Негізінен оларға әлсіз қышқыл немесе бейтарап реакция ортасы тартымды болып келеді. Қара қоңыр рН топырағы бейтарап және әлсіз сілтілі.

Кесте 1- Бактериалды күйік ауруының 2020 жыл бойынша Талғар ауданында таралған көлемі/га.

| № | Ауылдық округ атауы | Тексеріс жүргізілген аумақ | Залалданған аудан/га |
|---|---------------------|----------------------------|----------------------|
| 1 | Бесқайнар           | к/х "Джумуров"             | 2,8                  |
|   |                     | к/х"НурмаганбетовК."       | 2,2                  |
|   |                     | к/х "Ли"                   | 2                    |
|   |                     | к/х"Мулхайдарова Х"        | 25,8                 |
| 2 | Алатау              | к/х"Есимханов "            | 6,2                  |
|   |                     | к/х "Түлеметов"            | 1                    |
|   |                     | к/х "АндаспаеваЗ"          | 0,8                  |
|   |                     | к/х "Пушилина"             | 0,83                 |

|   |          |                         |        |
|---|----------|-------------------------|--------|
|   |          | к/х "Зеленская А"       | 1,2    |
|   |          | к/х "Мельников В"       | 1      |
|   |          | к/х "Тураманов С"       | 0,5    |
|   |          | к/х "Искаков Кази"      | 7,2    |
|   |          | к/х "Алмабеков"         | 1      |
| 3 | Белбұлақ | к/х "Дурсунов"          | 2,5    |
|   |          | к/х "Абдыгулов Б"       | 1,5    |
|   |          | к/х "Бадалов А"         | 0,5    |
|   |          | к/х "Таиров"            | 12,5   |
|   |          | к/х "Зевенкова"         | 4,5    |
|   |          | к/х "Струк В"           | 2      |
|   |          | к/х "Аюпахунов А"       | 0,2    |
|   |          | к/х "Зубанов"           | 6      |
|   |          | к/х "Жургенбаев"        | 10     |
| 4 | Панфилов | ТОО "Tengry PD"         | 50     |
|   |          | ТОО "Баймене"           | 17,93  |
|   |          | ТОО "AkbulakClubRezort" | 12     |
|   |          | Итого:                  | 193,91 |

Зерттеу барысында Алматы облысының бірнеше ауылдық округтері мен жеке қосалқы шаруашылықтары тексерілді. Ауданда 28,18 га ескі ошақтар және 7 га жаңа ошақтар анықталды. Нәтижесінде көлемі 40,8 мың га 6 шаруашылық жиналды: "ИКП" ш / а - 0,007 га, "Аудинова" ш/а - 0,2 га, "Азия Групп" ш / а - 2 га, "Кабылкина в." ш / а - 1 га, "ҚазҰАУ" - 7,5 га, "Абдуалиев М." - 26 га. 193,91 га.

Биыл 29,18 га алаңда 13 ескі ошақ және бір жаңа ошақ анықталды:

Алатау а/ о:"Пушилин г" Ш / Қ - 0,83 га, "Ыдырысов"Ш/ Қ - 3 га, Құрманбаева – 3 га, "Есімханов е" Ш / Қ - 6,2 га, "Алмабеков с" ш / қ-1 га, "Радик" - 1 га, "Рысқұлов Ш" ш/қ-1 га, "Отарбаев" ш / қ-1 га, "Тілеубаев" ш / қ-0,5 га, "Тураманов" Ш / Қ-0,5 га

#### Әдебиеттер тізімі

1.СағитоваА.О., МұсыновҚ.М., Ағыбаева.Ж., СулейменоваЗ.Ш., БекеноваШ.Ш. Өсімдік карантині, 2018. -260б.

2. Stead D.E., Parkinson N., Aspin A., Heeney J., Crump S. and Vicente J.G. (2016) First occurrence of *Xanthomonas campestris* pv. *raphani* on wallflower (*Erysimum cheiri*) in the United Kingdom. *New Disease reports* 34, 14

3. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы»РММ 2019 жылға шолуы. – Нұр Сұлтан, 2019. -195б.

4. Алматы облысы, Талғар ауданы «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» филиалының есебі. – Талғар, 2020. -75б.